




**55 ЖЫЛ**  
«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Мерекелік  
құттықтаулар

1-2



МАЭК-55:  
становление  
комбината

4-5



Баспасөз туры

11



Важный шаг  
к выбору профессии

13



Әріптесіміз  
әлем чемпионы

15

## Қадірлі «МАЭК» ЖШС ұжымы!



Сіздерді Маңғыстау энергетикалық комбинатының 55 жылдығы салтанатты мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өңірдің қалыптасу және даму тарихында комбинаттың алар орны ерекше. Жарты ғасырдан астам тарихында кәсіпорын көптеген баға жетпес ғылыми және өндірістік тәжірибелерді

жинақтай отырып, қалыптасу мен дамудың күрделі жолдарынан өтті.

Комбинат жылдар бойы облысты толықтай электр энергиясымен, қаланы барлық өмірлік ресурстармен үздіксіз жабдықтап келеді. Кәсіпорын аймақтың экономикалық және энергетикалық қауіпсіздігін сақтаумен қатар, өндірістік әлеуетінің өсуіне, тұрғындардың әл-ауқаты мен әлеуметтік жағдайының жақсаруына зор үлес қосуда.

Биыл комбинаттың жабдықтарын жаңартып, жаңғырту бағдарламасы іске қосылды. Кәсіпорын ұжымының тәжірибелі мамандары осы бағдарламаны тиімді жүзеге асыруға барынша күш салады деп сенемін. Өйткені, комбинатта өз кәсібін терең меңгерген жоғары деңгейлі әрі өз ісіне адал қызметкерлер еңбек етеді. Алдағы уақытта да кәсіпорын аймақтың экономикалық дамуында басты орын алатыны сөзсіз.

Комбинаттың мерейлі мерекесі күні сіздерге маңызды саладағы атқарған адал әрі қажырлы еңбегіңіз үшін алғыс білдіремін. Ұжымның алға қойған барша мақсаттары мен міндеттерінің орындалып, абырой биігінде болуына тілестеспін! Отбасыңыздың бақыты мен қуанышы, жақсылығы көп болсын!

**Ізгі тілекпен, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев**

## Уважаемые работники ТОО «МАЭК»!

Примите в этот торжественный день самые искренние и теплые поздравления с 55-летием Мангистауского энергетического комбината.

В истории становления и развития региона комбинат занимает особое место. За более чем полувековую историю предприятие прошло сложный путь становления и развития, накапливая опыт и знания многих поколений.

Энергопредприятие всегда акцентировало внимание на профессионалов высокого класса, людей, которые несут ответственность за энергетическую безопасность региона, за рост ее экономического и промышленного потенциала, за воду, свет и тепло в домах потребителей.

В этом году стартовала программа по модернизации энергокомбината. Коллектив предприятия прилагает максимум усилий для бесперебойного обеспечения региона всеми видами энергоресурсов. За всем этим стоит упорный труд опытных работников, которые способны оперативно решать самые разноплановые задачи, преодолевая какие-либо трудности. Уверен, предприятие и дальше будет выполнять особую роль в экономическом прогрессе.

Выражаю Вам слова благодарности за профессионализм и многолетний, плодотворный труд. Желаю комбинату надежности и новых трудовых достижений, а коллективу – здоровья и благополучия.

**С уважением, аким Мангистауской области Нурлан Ноғаев**

## Қадірлі ұжымдастар!



Сіздерді мерейлі мереке - кәсіпорынның 55 жылдығымен құттықтаймын! Комбинаттың қалыптасуы, өркендеуі мен дамуына үлкен үлес қосқан ардагерлерге, аға буынның дәстүрлі жолын жалғастырып, бүгінде халық игілігі үшін еңбек етіп жатқан әріптестерге алғысымды білдіремін!

«МАЭК» - өңірлік экономиканың дамуында басты орын

алатын стратегиялық кәсіпорындардың бірі. Облыстың тұрақты дамуы мен тұрғындардың жайлы өмірі комбинаттың қызметіне тікелей байланысты, сондықтан Біз бен Сізде туған жерге деген махаббат пен жоғары патриоттық рух болуы тиіс деп ойлаймын. Біздің комбинаттың әр қызметкері мұндай асыл қасиеттерге ие және олар өз жұмысының маңыздылығын терең түсінеді деп сенемін.

Өңірдің инфрақұрылымы қарқынды дамып, жаңа өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандар пайдалануға берілуде, қаламыздың көлемі де, құрылыс қарқыны да өсіп келеді. Экономиканың серпінді дамуы энергетиктердің алдына жаңа міндеттер қояды. Жарты ғасырдан астам үздіксіз жұмыс істеп тұрған комбинаттың жабдықтарын жаңартып, жаңа өндірістік объектілер салатын кез жетті. Осы мақсатта арнайы комиссия құрылып, жаңғырту бағдарламасы жасақталды. Қазірде осынау маңызды жоспарды жүзеге асыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Кәсіпорын тарихындағы аса жауапты кезеңде негізгі міндеттерді білімі мен білігі мол, кәсіби тәжірибелі мамандарымыз абыроймен атқаратыны сөзсіз.

Құрметті әріптестер! Ел игілігіне бағытталған барша бастамаларымыз сәтті жүзеге асырылып, ортақ мүдде жолында табысты еңбек ете берейік! Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, сәттіліктер мен шексіз қуаныш, бақыт тілеймін!

**«МАЭК» ЖШС Бас директоры  
Жасұлан Сүйіншалиев**

## Дорогие коллеги!

Поздравляю с 55-летием Мангистауского энергетического предприятия! Значение комбината для региона трудно недооценивать. Наше предприятие обеспечивает регион энергоресурсами и питьевой водой.

Богатое наследие энергокомбината, его традиции, бесценный научный и производственный опыт сохраняются, приумножаются, и по сей день являются гордостью и движущей силой Мангистау.

Более трех с половиной тысяч работников трудятся на благо населения. наших сотрудников отличают профессионализм, многолетний опыт, трудовые традиции, которые передаются молодым специалистам. Хочу выразить благодарность работникам комбината, на плечах которых лежит огромная ответственность за энергетическую безопасность региона, а также ветеранам отрасли, внесшим огромный вклад в становление, процветание и развитие энергопредприятия.

Сегодня инфраструктура Мангистауской области стремительно развивается, вводятся в строй новые промышленные и социальные объекты. Динамичное развитие экономики также ставит перед энергетиками новые задачи. Вследствие этого появилась необходимость в обновлении и модернизации оборудования энергопредприятия. Была создана специальная комиссия и разработана соответствующая программа. В настоящее время активно ведутся работы по ее реализации.

В этот важный и ответственный период для комбината, уверен, наши опытные и квалифицированные специалисты с честью выполнят поставленные перед ними непростые задачи.

Желаю всему коллективу комбината крепкого здоровья, благополучия и осуществления всех наших начинаний, направленных на благо нашего края!

**Генеральный директор  
ТОО «МАЭК» Жасулан Суюнчалиев**



## ҚАЛЫПТАСУ ЖЫЛДАРЫ



Өткен ғасырдың 1950 жылдары Маңғыстау даласында жүргізілген зерттеу жұмыстары осы қасиетті мекенде уран, мұнай, газ және сирек кездесетін элементтер мен басқа да пайдалы қазбалардың мол екендігін көрсетті. Жартыаралды жарылқаған байлық көзін ашып, ел игілігіне жарату жолындағы жанды жұмыстармен бірге небір ғылыми жобалар жүзеге асырыла бастады. Қала салу, облыс орталығын қалыптастыру, өндірісті өркендету секілді шартарап шаруалар қолға алынды. Түбектегі тіршілікті жандандыру үшін ең алдымен су және энергия көзі керек болды.

Алдыменен Маңғыстауға теңіз арқылы екі энергопоезд жеткізілді. Маңғыстау энергетика жүйесінің тарихы осы екі поездтың келуімен бастау алды. Алғашқы құрылыс алаңдары да осында өндірілген электр энергиясымен қамтылды. 1960 жылы Желілер және қосалқы станциялар цехы құрылды. Бұдан кейін дизельді станция мен ЖЭО-12 жылу электр орталығы іске қосылды.

ЖЭО-12 қуаттылығы 12 МВт-қа есептелген: 6 кгс/см<sup>2</sup> қысыммен өндірістік бу алатын қуаттылығы 6 МВт екі турбогенераторы, әрқайсысының өнімділігі 35 т/сағ

болатын үш БМ-35 қазандық агрегаты. Станцияны құрастыру жұмыстары тәулік бойына жүргізілді. Жабдықты пайдалануға қабылдаушылар қиын да күрделі жұмыстың басы-қасында монтаждаушылармен бірге еңбек ете жүріп, оның жұмысымен танысуға, үйренуге тиіс болды. 1963 жылдың қаңтар айында №1 турбогенератор құрылыс алаңдары мен өндірістік аймаққа ең алғашқы электр энергиясын жеткізді. Осылайша Маңғыстауда алғаш рет энергетика жүрегі соқты десек болады. Турбогенератор тағы екі дизельді генератормен қатар жұмыс істеп, тұрғындар поселкесі мен өндірістік аймақты электр энергиясымен қамтыды. Сол жылдың шілдесінде екінші АП-6 турбогенераторы пайдалануға берілді, ал қазан айында БМ-35 үшінші қазандық агрегаты іске қосылды және болашақ ЖЭО-М құрылыс алаңына алғашқы қазық қағылды.

1963 жылы 22 сәуірде комбинат ұжымы алғашқы сенбілік өткізіп, станция аумағына ағаштар мен көшеттер отырғызды. Бұл күн адамдардың аймаққа біржола қоныстанып, өңірді одан әрі өркендетуге бел буғанын көрсететін тарихи күн болды. 1963 жылдың қазан айында ЖЭО-М болашақ құрылыс аумағының алғаш кірпіші қаланды. Өндіріс аймағымен қатар КТКК (ПГМК), энергетикалық кәсіпорынның қызметкерлері мен мұнайшылар тұратын поселке бой көтеріп, оның тұрғындар саны күн санап өсті. Сонымен бірге өңірдің өндірістік потенциалы да өркендей түсті.

ЖЭО-М құрылысымен қатар БН-350 реактор қондырғысымен бір кешенде және дистиллят өндіретін қондырғымен қатар жұмыс істейтін ЖЭО-А жобасы да қолға алынды. 1968 жылы ЖЭО-А бас корпусы пайдалануға берілді. Сол жылдың қыркүйек айында қашықтығы 3 шақырымға созылған су жеткізу каналы бар айырықша гидротехникалық құрылыс - ЖЭО-А теңіз сорғылары іске қосылды. Сорғылар теңіз суын ЖЭО-А турбогенераторларына, тұшыту қондырғыларына сонымен бірге АТЗ және басқа да өндірістік кәсіпорындарға жеткізуге қолданылды. Осы ЖЭО-А



гидротехникалық құрылғы Кеңестер елінде баламасы жоқ, алғаш рет біздің кәсіпорында өндіріске енгізілген тағы бір ғылыми жоба болатын. КПСС ОК мен СССР Министрлер Кеңесінің қаулысына сәйкес 1969 жылдың 13 қазанында ЖЭО-А және ЖЭО-М бір құрылымдық бөлімшеге біріктіріліп, ЖЭО-1, ЖЭО-2 деген атау берілді.


1969-1970 жылдары дистиллят өндіру зауытының 1 блогында 5 корпусық батарея пайдалануға берілді. 1973 жылдың 16 шілдесінде БН-350 атом реакторының энергетикалық қосылуы жүзеге асты. 1978 жылы Маңғышлақ Атом энергетика комбинаты құрылды. 1983 жылдың наурыз айынан 1984 жылдың қазан айына дейін қуаттылығы 210 МВт жылу электр станцияларының блоктары пайдалануға берілді. 1960-1968 жылдары ЖЭО-12 және ЖЭО-М Каспий маңы тау-кен металлургия комбинатының құрамында болды.

1968 жылдың 1 шілдесінде КСРО Орта машина жасау министрі Е.П. Славскийдің бұйрығымен қолданыстағы және салынып жатқан энергия нысандарының негізінде «Маңғышлақэнергозаводы» (МЭЗ) құрылды. Ал 1968 жылдың желтоқсан айында оның директоры болып Дмитрий Сергеевич Юрченко тағайындалды. Оның тікелей қатысуымен және басшылығымен кәсіпорын аумағында әлемде теңдесі жоқ энергетикалық кешен БН-350 жылдам нейтронды өнеркәсіптік реакторы және елдегі ең қуатты су тұщыту қондырғылары салынды.

1978 жылдың 1 қаңтарынан бастап кәсіпорын Маңғышлақ энергетикалық комбинаты (МЭК) болып өзгертілді.

Комбинат 1994 жылдың 14 шілдесінен 2003 жылдың 30 сәуіріне дейін «Маңғышлақ атом энергетикалық комбинаты» («МАЭК» РМК) Республикалық мемлекеттік кәсіпорны деп аталды.

2003 жылдың 1 мамырынан 2022 жылдың 20 қарашасына дейін кәсіпорын «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС атауымен «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ,




«Самұрық-Қазына» ҰАҚ және ҚР Энергетика министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының құрамында болды.

Ал, 2022 жылдың 21 қарашасынан бастап «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС «МАЭК» ЖШС болып өзгертіліп, Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне берілді.

Бүгінде комбинат өнірді электр энергиясымен, Ақтау қаласын және жақын маңдағы кенттерді жылумен, ауыз сумен, ыстық және техникалық сумен қамтамасыз етуді жалғастыруда.

## СТАНОВЛЕНИЕ КОМБИНАТА



В начале 50-ых годов прошлого столетия на Мангистау были обнаружены первые залежи урана и редкоземельных элементов. Тогда же на полуострове началось освоение и разработка открытых месторождений нефти, газа и других полезных ископаемых. Интенсивность реализации

важных проектов напрямую зависела от водо- и энергоснабжения региона.

Первое время строительные площадки обеспечивались электроэнергией от двух энергопоездов, с прибытием которых началось развитие энергосистемы Мангистау. В 1960 году был образован Цех сетей и подстанций (ЦСП), на базе которого спустя 2 года ввели в строй дизельную электростанцию.

А в это время полным ходом уже шло строительство первой теплоэлектростанции. ТЭЦ-12 была рассчитана на суммарную мощность 12 МВт: два турбогенератора мощностью 6 МВт с производственным отбором пара под давлением 6 кгс/см<sup>2</sup>, три котлоагрегата БМ-35 производительностью 35 т/час каждый. Монтаж станции шел круглосуточно. Работали и строители, и эксплуатационники, которые одновременно еще и обучались правильной эксплуатации оборудования. В январе 1963 года турбогенератор №1 дал первые киловатты электроэнергии. Забилось энергетическое сердце Мангистау! Турбогенератор работал параллельно с двумя дизельными генераторами и выдавал электроэнергию по линиям 35 кВ в жилой поселок и на промышленную зону. В

июле того же года был введен в эксплуатацию второй турбогенератор АП-6, а в октябре запустили третий котлоагрегат БМ-35 и вбили первый колышек на стройплощадке будущей ТЭЦ-М.

22 апреля 1963 года на первом субботнике коллектив высадил на территории станции первые деревья и кустарники, заявив тем самым, что человек здесь поселился основательно и надолго. Рядом с промышленной зоной рос поселок работников ПГМК, энергопредприятия, нефтяников. Увеличивалось его население. Увеличивался и промышленный потенциал региона.

Еще задолго до окончания строительства ТЭЦ-М началось проектирование ТЭЦ-А, которая должна была работать в комплексе с реактором БН-350 и мощными установками по производству дистиллята. В 1968 году был принят в эксплуатацию главный корпус ТЭЦ-А. В сентябре того же года состоялся пуск в эксплуатацию уникального гидротехнического сооружения – морской насосной станции ТЭЦ-А с водозаборным каналом протяженностью 3 километра. Насосная станция была предназначена для подачи морской воды на турбогенераторы ТЭЦ-А, опреснительные установки, а также на АТЗ и другие промышленные предприятия. Гидротехнические сооружения ТЭЦ-А не имели в то время аналогов в стране. В декабре 1969 года запустили первые агрегаты ТЭЦ-2 (с октября 1969 года ТЭЦ-А и ТЭЦ-М переименовали в ТЭЦ-1 и ТЭЦ-2 соответственно).

В 1969-1970 годы заработали первые 5-корпусные опреснительные батареи 1 блока завода производства дистиллята. 16 июля 1973 года произведен энергетический пуск атомного реактора БН-350. В марте 1983 года введен в строй первый энергоблок тепловой электростанции мощностью 210 МВт. Энергетический комплекс интенсивно рос и развивался вместе с регионом.

Менялись времена, канул в лету СССР... И, конечно же, все эти события отражались на судьбе предприятия.

С 1960 по 1968 годы ТЭЦ-12 и ТЭЦ-М находились в составе Прикаспийского горнометаллургического комбината.

А вот днем рождения энергетического предприятия, как самостоятельной структурной единицы, можно считать 1 июля 1968 года, когда приказом Министра Среднего машиностроения СССР Е.П. Славского на базе действующих и строящихся энергообъектов был образован «Мангышлакэнергозавод» (МЭЗ). В декабре 1968 года его директором был назначен Дмитрий Сергеевич Юрченко. Под его руководством, и при непосредственном участии, в установленные сроки на Мангышлаке был создан не имеющий аналогов энергетический комплекс: первый в мире промышленный реактор на быстрых нейтронах БН-350 и самые мощные в стране опреснительные установки.

С 1 января 1978 года предприятие переименовали в Мангышлакский энергокомбинат, в последующем «имени 60-летия образования СССР» (МаЭК). С таким названием энергокомбинат просуществовал до 1994 года.

С 14 июля 1994г. по 30 апреля 2003г. предприятие имело название Республиканское Государственное предприятие «Мангышлакский атомный энергокомбинат (РГП МАЭК).

Все эти годы, с момента создания, энергокомбинат находился в подчинении профильных министерств СССР и РК.

С 1 мая 2003г. по 20 ноября 2022г. предприятие входило в состав национальных компаний АО «НАК «Казатомпром», ФНБ «Самрук-Казына» и подведомственных организаций Министерства энергетики РК, где имело название ТОО «МАЭК-Казатомпром».

Ну, и с 21 ноября 2022 г. - ТОО «МАЭК-Казатомпром» переименовано в ТОО «МАЭК» и передано в коммунальную собственность Мангистауской области.

Сегодня комбинат продолжает снабжать регион электрической энергией город Актау и близлежащие поселки теплом, питьевой, горячей и технической водой.



## ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯЛАР ЦЕХЫ



Желілер және қосалқы станциялар цехы (ЖҚСЦ) – Маңғыстау түбегіндегі ең алғашқы энергетикалық бөлімше. Цех 1960 жылы Маңғыстау аймағында алғашқы энергетикалық поезддың келуімен байланысты құрылған еді. Ол кезде цех Каспий аймақтық тау кен-металлургия комбинатының құрамында болатын.

1968 жылдың 1 шілдесінен ЖҚСЦ Маңғышлақ энергозауыты құрамына жеке бөлімше болып алынды. Цех ұжымында сол жылдары 83 қызметкер еңбек етті. Цехтың бастығы Василий Дмитриевич Веснин, оның орынбасары Андрей Петрович Бояркин өңірді электр энергиясымен сапалы қамту бағытындағы қызметті ұйымдастыруды қолға алды. Цех құрылған кезде оның құрамында:

- Дизельді электр станциясы;
- Қаланың шағын аудандарын электр энергиясымен қамтитын ГПП-1(Басқы төмендеткіш қосалқы станция);
- Қалаға су беретін «Құйылыс» су қоймасын электр энергиясымен қамтитын 110/35/6 қуатты ГПП-«Құйылыс»;
- Уран кенін өндіретін №1,2 карьерлерін электр энергиясымен қамтитын 110/6 кВ қуатты ГПП-21, ГПП-22, ГПП-23;
- Өндіріс аймағындағы құрылыс индустриясы кәсіпорындары жалғанған 35/6 кВ ГПП-4;
- Шетпе поселкесін және темір жол станциясын электрмен қамтитын 35/6 кВ қуатты ГПП-Шетпе қосалқы станциялары болды.

1970 жылы цехта (МС РЗАИ) электр лабораториясы өз жұмысын бастады. Қызметтің алғашқы басшысы М.Г.Калужный, электр монтерлері Г.И.Ферафонов, И.В.Чепурко, Ю.Н.Никишин, В.Ю.Тарковский, Д.А.Ревякин болса қиын да күрделі кезеңде адал еңбегімен еленген жандар еді. 1968 жылдан 1978 жылға дейін 11/6 кВ қуатты 8 төмендеткіш негізгі қосалқы станциялар, 6 кВ қуатты 3 тарату қондырғысы, 35/0,4 кВ қуатты 35 трансформаторлық қосалқы станциясы, 110 кВ қуатты (ЦРП-1) орталық тарату пункті іске қосылды. №1 орталық тарату пунктіне қала мен әуежай қосалқы станцияларына және Форт-Шевченко және Ақшұқыр селосына баратын желілерге, сондай-ақ өндіріс аймағы кешеніндегі зауыттарға баратын желілерді қамтитын екі 110 кВ әуе желілері қосылды.

1971 жылы дизельді электр станциясын БН-350 реакторының электрмен қамту көзі құрылымына қосу туралы шешім қабылданды. Осы шешімнен кейін 1972 жылы дизельді электр станциясы басқару құрылымын өзгерту жұмыстары жүргізілді. Цех персоналы апатты жағдайда негізгі электр энергиясы көзінің жұмысы тоқталғанда немесе апаттан қорғану дабылы іске қосылған жағдайда 3 минут ішінде дизель-генераторын іске қосуды жүзеге асыру бойынша жасалған бағдарламаны оқып, дайындықтан өткізілді. Электр энергиясын тарататын бір тізбектегі әуе желілерінің ұзындығы 580 километрге жетті.

Маңғыстаудың жайсыз ауа райы, үнемі болып тұратын тұзды, шаң жел салдарынан электр сымдарының ластануы, үзілу жағдайлары жиі болып, электр тарату желілері істен шыға беретін. Өте жайсыз аумақтарда орналасқан желілерде тәулігіне 20-25 рет үзілістер орын алатын. Бұл жағдай әсіресе, қаладағы және өндіріс аймағындағы кәсіпорындардың қалыпты жұмысына кедергі келтіретін. Сол себепті цех бастығының орынбасары А.П.Бояркиннің жетекшілігімен электр желілерін оқшаулауға байланысты шаралар ұйымдастырылып, жүзеге аса бастады. Осы кезде ластанған оқшаулағыштарды дистиллят суы ағынымен үздіксіз жуу жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстардан кейін желілердің ауа райына байланысты үзілуі азая бастады. Мұндай үзілістер саны 1970 жылы 62 болса, 1976 жылы 6 ғана үзілу орын алған.

Екі мыңыншы жылдары желілер мен қосалқы станциялар цехының қызметкерлері жаңа техниканы енгізуге және жаңа қуаттарды пайдалануға беруге белсенді қатысты: ГПП «Прибрежная», ГПП-1Г, ГПП-3Г, ГПП-Н2, ГПП «Құйылыс» қайта жаңартылды.

Облысымыздың одан әрі дамуы мен Ақтау қаласының күннен күнге өркен жайып, шағын аудандардың көбеюі электр энергиясын тарату жұмыстарын маңыздандыра түсуде. Тұтынушылардың электр энергиясымен қамтылуын жақсарту үшін цехта жоғары білікті мамандардың қағысуымен қосалқы станцияларда күштік трансформаторларды ауыстыру, күштік кабель желілерін ауыстыру сияқты жұмыстар үнемі жүргізіліп келеді.

Әр жылдары Желілер және қосалқы станциялар цехын жоғары профильді, тәжірибелі мамандар Василий Дмитриевич Веснин (1968-1985 ж.), Сорокин Владилен Павлович (1985-1989ж.), Мальцев Валентин Владимирович (1989-2016ж.), Андрей Филиппович Литвинов (2016-2023 ж.) басқарды.

Ағымдағы жылдың мамыр айында Андрей Литвинов басшылық қызметті өзінің сенімді ізбасары Алмас Тұрашевқа тапсырып, құрметті демалысқа шықты. Бүгінде жаңа басшының жетекшілігімен цехтың ұйымшыл ұжымы өңір тұтынушыларын электрмен үздіксіз қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыруда.



## ЦЕХ СЕТЕЙ И ПОДСТАНЦИЙ



Цех сетей и подстанций (ЦСП) – первое энергетическое подразделение на полуострове Мангистау. Цех был образован в 1960 году, когда с прибытием первого энергопоезда началось развитие энергетической системы полуострова. В то время ЦСП входил в состав Прикаспийского горно-металлургического комбината.

В 1962 году были введены в работу первые дизель-генераторы дизельной электростанции мощностью 2000 кВт, находящиеся в резерве и в настоящее время.

С 1 июля 1968 года цех вошел в состав Мангышлакского энергозавода как самостоятельное структурное подразделение. Коллектив цеха тогда насчитывал 83 работника. Начальником цеха был назначен Василий Дмитриевич Веснин, его заместителем Андрей Петрович Бояркин. На момент образования цеха в его состав входили:

- Дизельная электростанция (ДЭС);
- ГПП-1 (главная понизительная подстанция), обеспечивавшая электроэнергией микрорайоны города;
- ГПП «Куюлус» напряжением 110/35/6 кВ, обеспечивавшая электроснабжение водозабора «Куюлус» для подачи воды в город;
- ГПП-21, ГПП-22, ГПП-23 напряжением 110/6 кВ, обеспечивавшие электроэнергией карьеры №1,2 по добыче урановой руды;
- ГПП-4 напряжением 35/6 кВ, к которой были подключены предприятия стройиндустрии промзоны;
- ГПП «Шетпе» напряжением 35/6 кВ, обеспечивавшая электроснабжение поселка Шетпе и железнодорожной станции.

В 1970 году в цехе была создана электролаборатория МС РЗАИ. Первым начальником службы был М.Г.Калюжный, первыми электромонтерами Г.И.Ферафонов, И.В.Чепурко, Ю.Н.Никишин, В.Ю.Тарковский, Д.А.Ревякин.

За период с 1968 по 1978 годы было принято в эксплуатацию 8 главных понизительных подстанций 110/6 кВ, 3 распределительных устройств 6кВ, 35 трансформаторных подстанций 35/0,4 кВ, центральный распределительный пункт 110 кВ (ЦРП-1). К ЦРП-1 были подключены две воздушные линии 110 кВ, питающие тогда подстанции города и аэропорта, линии на Форт-

Шевченко и Акшукур, а также линии территориально-промышленного комплекса на СКЗ, ХГМЗ, ЗПМ, РМЗ, АТЗ. Протяженность воздушных линий электропередач возросла до 580 километров в одноцепном исполнении.

Отложения на изоляторах соленой пыли в сочетании с морским туманом, а особенно сырým снегом часто приводили к перекрытию электроизоляторов, обрыву проводов и, соответственно, отключению ЛЭП. Число отключений отдельных ЛЭП-110кВ, находящихся в особо неблагоприятных условиях, доходило до 20-25 в сутки. Это нарушало нормальный режим работы промышленных предприятий и электроснабжение города. В связи с этим специалистами были разработаны и стали применяться на практике мероприятия, направленные на усиление изоляции воздушных линий. В цехе стали проводить работы по обмыву загрязненных изоляторов непрерывной струей дистиллированной воды. Количество отключений линий из-за пробоя изоляции при неблагоприятных погодных условиях сократилось.

В двухтысячных годах работники ЦСП принимали активное участие во внедрении новой техники и вводе в эксплуатацию новых мощностей ГПП «Прибрежная», реконструкции ГПП-1Г, ГПП-3Г, ГПП-Н2, ГПП «Куюлус».

В связи с развитием региона увеличились и электрические нагрузки. Для повышения надежности электроснабжения потребителей высококвалифицированными специалистами цеха постоянно выполняются реконструкции главных понизительных подстанций с заменой силовых трансформаторов, кабельных линий и т.д.

В разные годы ЦСП руководили специалисты высокого профиля: Василий Дмитриевич Веснин (1968г. - 1985г.), Сорокин Владислав Павлович (1985г. - 1989г.), Мальцев Валентин Владимирович (1989г. - 2016г.), Андрей Филиппович Литвинов (2016г. - 2023г.). В мае 2023 года Андрей Филиппович вышел на заслуженный отдых, оставив за собой приемника Алмаса Бейбитовича Турашева. И сегодня сплоченный коллектив цеха под руководством нового начальника продолжает работу по бесперебойному обеспечению электроснабжением потребителей региона.



## Қадірлі әріптестер!



«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұжымын кәсіпорынның 55 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

МАЭК түбек тұрғындарының тыныс-

тіршілігіне қажетті барлық өмірлік ресурстарды өндіруші бірден-бір кәсіпорын ретінде жылдар бойы үздіксіз қызмет етуде. Өңірді тұтас электр энергиясымен қамтып, барша өндіріс орындары мен маңызды объектілердің де тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз етуде. Облысымыздың жан-жақты дамуында маңызды орын алатын комбинаттың қызметін жүргізіп, күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп жатқан ұжым қызметкерлеріне ризалығымызды білдіреміз, отбасыларына амандық, денсаулық, бақыт тілейміз!

Ұжымның кәсіпорынды жаңғырту, өндіріс мүмкіндігін ұлғайту бағытында қолға алған бағдарламалары мен бастамаларының сәтті жүзеге асырылуын қолдаймыз! Ел игілігі үшін еткен ортақ қызметіміз табысты болсын!

**Игі тілекпен,  
«Каспий жылу, су арнасы» ұжымы**

## Уважаемые работники ТОО «МАЭК»!



От лица ТОО «Казахстанские атомные электрические станции» поздравляю многочисленный коллектив Мангистауского атомного энергетического комбината с 55-летием со дня образования!

МАЭК – одно из крупнейших предприятий, которое является важным звеном электроэнергетической системы страны.

Знаменательно, что 50 лет назад на комбинате был введен в эксплуатацию первый в мире атомный блок с опытно-промышленным реактором на быстрых нейтронах БН-350. Уникальный реактор был сооружен в Казахстане и это является свидетельством высокого развития атомной энергетики в стране и профессионализма работников комбината.

Более полувека МАЭК славится качественными кадрами, которые обеспечивают жителей региона электричеством, теплом и водоснабжением. Ваш ежедневный кропотливый труд и высокая самоотдача вносят большой вклад в укрепление отечественного энергетического потенциала и повышения качества жизни людей.

Уверен, что ваши глубокие знания, богатый опыт и профессионализм будут способствовать новым достижениям в обеспечении энергетической безопасности страны.

В день знаменательного юбилея примите искренние пожелания крепкого здоровья, благополучия, успехов, неиссякаемой энергии всему коллективу!

**С уважением, Генеральный директор  
ТОО «КАЭС»  
Тимур Жанткин**



## Дорогие коллеги!

Уважаемый коллектив ТОО «МАЭК», от всей души поздравляем Вас с 55-летним юбилеем!

Благодаря Вам происходит жизнеобеспечение всей нашей области. Вы успешно работаете на протяжении долгих лет, Вы нужны региону и его жителям.

МАЭК - является «сердцем Мангистау» и это накладывает на вас большую ответственность. Благодаря самоотверженному труду каждого из вас,

население Мангистау получает качественную электроэнергию, воду и тепло. Праздник вашего комбината, несомненно, — это праздник для всех нас. Поздравляем, желаем всем мира и благополучия, счастья и успехов!

Пусть «Сердце Мангистау» бьется вечно!

С уважением,  
коллектив ГКП «АУЭС»



## Уважаемый трудовой коллектив ТОО «МАЭК»!



От лица всего коллектива АО «МРЭК» хочу поздравить Вас с великолепным юбилеем - 55-летием вашей деятельности в энергетической отрасли. Этот юбилей отмечает постоянную преданность, трудолюбие и неуклонное стремление к совершенству.

За полувековую историю предприятия ТОО «МАЭК» заслужило звание ведущего энергетического предприятия, обеспечивающего стабильное электроснабжение и играющего ключевую роль в развитии региона.

Мы гордимся тем, что имеем возможность сотрудничать с Вами и развивать взаимовыгодное партнерство. Ваше стремление к совершенству, прогрессивные подходы к энергетическому производству и внимание к экологическим аспектам являются ярким примером для всей отрасли.

От всего сердца поздравляем весь коллектив ТОО «МАЭК» с этим замечательным юбилеем и желаем дальнейших успехов в реализации амбициозных проектов, стабильного развития и новых достижений. Пусть ТОО «МАЭК» остаётся флагманом индустрии, вдохновляя других своим примером и служа образцом современной энергетической компании.

С наилучшими пожеланиями,  
Председатель Правления АО «МРЭК»  
Махамбет А.К.

## "МАЭК" ЖАҢҒЫРТУ: НҰРЛАН НОҒАЕВ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Облыс әкімі Нұрлан Ноғаев «МАЭК» ЖШС-де болып, жабдықтарды жөндеу, жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Өңір басшысы бастаған жұмыс тобымен бірге облыстық мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары келді.

Өңір басшысы алдыменен Дистиллят өндіру және өнеркәсіптік жылу, сумен жабдықтау зауытының (ДӨЖӨЖСЖЗ) ДТҚ-7 қондырғысындағы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. ДӨЖӨЖСЖЗ су тұщыту кешені жабдықтарының жалпы тозуы 73,5%, ДТҚ-7 тұщыту қондырғысының тозу деңгейі 78% құрайды, жобалық қуаты - тәулігіне 14 000 м<sup>3</sup>, қондырғының бүгінгі таңдағы өнімділігі тәулігіне 4180 м<sup>3</sup>-ке азайып, қуаттылығының 30% деңгейінде жұмыс істеп тұр.

Қазіргі уақытта ДТҚ-7 қондырғысында буландырғыш аппараттың жылыту камерасының жылу алмасу түтіктерін ауыстыру жұмыстары аяқталды. Осыған ұқсас жұмыстар ДТҚ-11 қондырғысында да аяқталды, қазіргі уақытта іске қосу операциялары жүргізілуде.

ДТҚ-7,9,11 қондырғыларында түтіктерді ауыстыру олардың өнімділігін 4000 м<sup>3</sup>-ге дейін арттырады.

Бұдан әрі облыс әкімі Нұрлан Ноғаев теңіз суын тұщыту үшін өнімділігі тәулігіне 24 000 м<sup>3</sup> (Израиль өндірісі) болатын ГТПИ-4 және ГТПИ-5 қондырғыларының салынатын орнымен танысты.

Өңір басшысы сондай-ақ, ОСЖТ-2 аумағында болып, тәулігіне өнімділігі 5000 м<sup>3</sup> болатын ауыз су кері осмосты су тұщыту қондырғысын монтаждау жұмыстарының барысымен танысты. Тұщытуға арналған бастапқы су - Құйылыс-Меловое кен орнынан алынатын жерасты (минералданған) суы.

Нұрлан Ноғаев «МАЭК»-ті жаңғырту бойынша жоспарланған жұмыстар өңір үшін стратегиялық маңызды екенін атап өтті.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші кезекте халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешуді тапсырды. Жүйелі жұмыс нәтижесінде ауыз су тапшылығы кезең-кезеңімен шешілетін болады. Бұл мәселе мемлекет басшысының бақылауында. «МАЭК»-тің коммуналдық меншікке берілуі, сондай-ақ бөлінетін қаржыландырудың арқасында - облыс орталығында су тапшылығы таяу жылдар ішінде тұрақталады- деп атап өтті облыс әкімі Нұрлан Ноғаев.



## МОДЕРНИЗАЦИЯ «МАЭК»: НУРЛАН НОГАЕВ ОЗНАКОМИЛСЯ С ХОДОМ ПРОВЕДЕНИЯ РЕМОНТНЫХ РАБОТ



В рамках исполнения поручений главы государства по ликвидации дефицита воды и увеличению мощностей по ее производству аким области Нурлан Ногаев посетил ТОО «МАЭК», где ознакомился с техническим состоянием оборудования и ходом работ по его модернизации и повышению износостойкости.

В состав рабочей группы вошли депутаты областного Маслихата, члены общественного совета, руководители государственных органов. Они ознакомились с ходом проведения ремонтных работ на энергопредприятии.

На ЗПД и ПТВС, где износ оборудования составляет 73,5%, Нурлан Ногаев проинспектировал ход ремонтных работ на установке ДОУ-7, которая также выработала свой лимит на 78%. При проектной мощности 14 000 м<sup>3</sup> в сутки установка на сегодня способна ежедневно производить лишь более 4 000 м<sup>3</sup>, то есть 30%.

Нурлан Ногаев подчеркнул, что запланированные работы по

модернизации «МАЭК» являются стратегически важными для региона.

- Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев поручил в первую очередь решать вопросы обеспечения населения питьевой водой. В результате системной работы дефицит питьевой воды решается поэтапно. Данный вопрос находится на контроле главы государства. Благодаря передачи «МАЭК» в коммунальную собственность, а также выделяемому финансированию - ситуация с подачей воды в областном центре стабилизируется в течении ближайших лет, - отметил аким области.

С целью возвращения проектных объемов производства на установке проведен комплекс ремонтных и заменных процедур, который ранее был применен на ДОУ-11. И там уже ведутся пусконаладочные работы. По словам энергетиков, замена изношенных частей, узлов и агрегатов на ДОУ-7, 9, 11 позволит повысить производительность питьевой воды в суммарном увеличении объемов на 4000 м<sup>3</sup> ежесуточно.

Далее аким области Нурлан Ногаев ознакомился с работой установок ГТПИ - 4 и ГТПИ - 5. Это израильские горизонтально-трубные пленочные испарители, которые опресняют морскую воду по технологии термического метода. Их суточная производительная мощность составляет 24 000 м<sup>3</sup>.

Также Нурлан Ногаев посетил ЦУВС-2, где ознакомился с процессом монтажа опреснительной установки обратного осмоса производительностью 5000 м<sup>3</sup> в сутки. Она способна опреснять подземную (минерализованную) воду с месторождения Куюлус-Меловое.

По итогам посещения глава региона дал ряд конкретных поручений ответственным лицам.

## МАЭКТЕГІ БАСПАСӨЗ ТУРЫ



Атом энергетикасының артықшылықтары туралы халықты кеңінен ақпараттандыру мақсатында комбинатта журналистер мен блогерлер, Алматы облысының қоғамдық белсенділері үшін баспасөз туры өтті. Турды ұйымдастырушы «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС болды. Өндіріс аумағында әлемдегі ең алғашқы БН-350 атом реакторы қондырғысы орналасқан энергетикалық кәсіпорынның жұмысымен жақын танысу Жамбыл ауданы Үлкен ауылында атом электр станциясын салу бойынша өтетін қоғамдық тыңдауларда оң шешім қабылдауға септігін тигізетіні сөзсіз деп сенеді ұйымдастырушылар.

- Орталық Азияда теңдесі жоқ БН-350 реактор қондырғысы

жылдам реакторлардың тұтас сериясының даму бастауында болды. Мұнда жұмыс істейтін тәжірибелі мамандар атом энергетикасында, әсіресе, өнеркәсіптік қалдықтарды жою мәселесінде бірегей тәжірибеге ие. Бүгін ҚазҰУ базасында Мәскеу инженерлік-техникалық университетінің филиалы ашылды. Қазақстандық жастар Томск техникалық университетінде де білім алуға болашақ атом электр станциясында қызмет істеуге біз отандық мамандарды тартуды жоспарлап отырмыз. МАЭК-те өткен баспасөз турының Қазақстанда жобаны тезірек жүзеге асыруға көмегі тиеді деп үміттенеміз, - деп атап өтті «КАЭС» ЖШС Бас директоры Тимур Жанткин.

Делегация мүшелері БН-350 реактор қондырғысының орталық залында, дозиметриялық бақылау қалқанында және реакторды басқару қалқанында болды, реакторды пайдаланудан шығару жұмыстары барысымен танысты. Қонақтар мамандардың кеңестерін тыңдады және АЭС құрылысына қатысты өздерін қызықтырған көптеген сұрақтарға жауап алды.

Сондай-ақ, қонақтар Дистиллят және өнеркәсіптік жылу, сумен жабдықтау зауытына барып ауыз су дайындау үшін пайдаланылатын дистиллятты өндіру процесімен танысты. Кәсіпорын мұражайында комбинаттың қалыптасу тарихымен танысты, көп жылдар бойы БН-350 Реакторлық қондырғысында қиын да күрделі қызмет атқарып, бүгінде құрметті демалысқа шыққан ардагерлермен кездесті.

«Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында тұрақты негізде пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, баспасөз турларын жоспарлы түрде өткізуде. Өткен жылы олар журналистер үшін Ядролық физика институтына (Алматы қ.) және «Аккую» атом электр станциясына (Түркия) баспасөз турларын ұйымдастырды.

## ПРЕСС-ТУР НА МАЭКЕ

В целях широкого информирования населения о преимуществах атомной энергетики на комбинате прошел пресс-тур для журналистов и блогеров, общественных активистов Алматинской области. Организатором мероприятия выступило ТОО «Казахстанские атомные электрические станции». Наглядная демонстрация работы энергопредприятия, на площадке которого базируется первая в мире атомная реакторная установка БН-350, будет полезна для принятия решения в общественных слушаниях по строительству атомной электростанции в селе Үлкен Жамбылского района, уверены устроители.

- Реакторная установка БН-350, аналогов которой нет в Центральной Азии, положила начало развитию целой серии быстрых реакторов. Коллектив, который здесь работает имеет уникальный опыт в вопросах атомной энергетики, в частности информации об утилизации промышленных отходов. Сегодня на базе КазНУ открыт филиал Московского инженерно-технического университета. Казахстанские ребята также получают образование в Томском техническом университете. В обслуживании будущей АЭС мы планируем задействовать отечественных специалистов. Надеемся, что пресс-тур на МАЭКе послужит скорейшей реализации проекта в Казахстане, - отметил Тимур Жанткин, Генеральный директор ТОО «КАЭС».

Участники делегации посетили центральный зал реакторной установки БН-350, побывали на щитовой дозиметрического контроля и на щите управления реактором. Жители южного региона получили информацию о настоящих работах по выводу реактора из эксплуатации, в рамках которых предусмотрен регулярный мониторинг оборудования. Гости получили советы специалистов и ответы на многие интересующие их вопросы, касаемые строительства АЭС.

Члены делегации также ознакомились с процессом получения

дистиллята, используемого для дальнейшего приготовления питьевой воды на заводе по производству дистиллята и промышленного тепловодоснабжения (ЗПД и ПТВС). Ознакомились с историей и становлением комбината в музее предприятия, встретились с ветеранами, многие годы трудившиеся плечом к плечу и отлично выполнявшие непростую работу на РУ БН-350.

В рамках информационно-разъяснительных работ КАЭС на регулярной основе проводит дискуссии, круглые столы, семинары, пресс-туры. В 2022 году ими были организованы пресс-туры для журналистов в Институт ядерной физики (г.Алматы) и на АЭС «Аккую» (Турция).



## БЕЛСЕНДІ ӘЙЕЛДЕР БАС ҚОСТЫ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да облыстың жетекші мұнай-газ және энергетикалық компаниялары ұжымдарының нәзік жанды қызметкерлерінің кездесуі болып өтті.

Кездесуге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «МАЭК» ЖШС, «МӨЭК» АҚ, «Маңғыстау Жарық» ЖШС, «ТеңізСервис» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ компанияларынан 30-дан аса өкілдер келіп қатысты.

Кездесудің бастамашысы KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының төрағасы, «МАЭК» ЖШС Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары - Басқарма мүшесі Айзада Аққайсиева болды. Айзада Үмбетқызы клубтың құрылу тарихы, оның негізгі тұжырымдамалары, өткізілген форумдар, іс-шаралар туралы және осы клубтың мүшелері болып табылатын көшбасшы әйелдер туралы әңгімеледі.

Бас қосу барысында қатысушылар бір-бірімен танысып, алға қойылатын басты мәселелер, жоспарланған іс-шаралар туралы өз көзқарастарымен бөлісті, сондай-ақ барлық деңгейлерде және қызмет салаларында әйелдерді қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қаржы департаментінің директоры Ильмуханбетова Шолпан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында да KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының бір канатын құру туралы бастамасын көтерді.

Айта кету керек, биыл KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының құрылғанына 10 жыл толады.

## СОЗДАНИЕ НОВОГО КРЫЛА ЖЕНСКОГО КЛУБА

В Актау состоялась встреча представительниц прекрасного пола ведущих нефтегазовых и энергетических компаний Мангистауской области.

В мероприятии приняло участие более 30 работниц таких компаний как, АО «Мангистаумунайгаз», ТОО «МАЭК», АО «МРЭК», ТОО «Маңғыстау Жарық», ТОО «ТеңізСервис», АО «Өзенмұнайгаз», АО «Қаражанбасмұнай».

Инициатором встречи выступила Председатель Женского энергетического клуба KAZENERGY, заместитель Генерального директора по экономике и финансам-член Правления ТОО «МАЭК» Айзада Аққайсиева. Айзада Үмбетовна рассказала об истории создания клуба, его концепции, проводимых форумах, мероприятиях и о женщинах-лидерах, являющимися членами клуба.

В теплой дружественной атмосфере участницы встречи, познакомившись друг с другом, поделились своими видениями о концепции, планируемых мероприятиях, а также отметили важность поддержки женщин на всех уровнях и во всех сферах деятельности.

По итогам встречи Шолпан Ильмуханбетова, директор финансового департамента АО «Мангистаумунайгаз», озвучила инициативу о создании крыла Женского энергетического клуба KAZENERGY в АО «ММГ».



Стоит отметить, что в этом году Женский энергетический клуб KAZENERGY отмечает 10 лет со дня его образования.



## МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



15 Маусымда «QUATTY ARULAR» әйелдер клубының бастамасымен комбинат қызметкерлерінің 9-10 сыныпты тәмамдаған балаларымен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге техника ғылымдарының кандидаты, Құрғақ аймақтарды тұрақты дамыту институтының директоры және Ш.Есенов атындағы университеттің Энергетика және көлік кафедрасының қауымдастырылған профессоры, комбинатта 40 жылдан астам жұмыс істеген Муралев Евгений Дмитриевич қатысты. Евгений Муралев оқушыларға жылу энергетикасы

мамандығының маңыздылығы және адам өмірінде алатын орны туралы, сондай-ақ «жасыл» технологиялар орталығының зерттеулері туралы әңгімеледі. Сонымен қатар, студенттерді үш тілде оқытып, қазақстандық және неміс дипломдарын беретін жаңадан ашылған Қазақстан-Неміс инжиниринг институтының жұмысымен таныстырды.

Бұдан әрі «МАЭК» ЖШС мұражайында ӨҚД Радиациялық және ядролық қауіпсіздік жөніндегі жетекші инженер Константин Середнюк оқушыларға БН – 350 жылдам нейтронды реакторлық қондырғысының тарихы, оның жұмыс істеу принципі мен пайдаланудан шығару жұмыстары туралы айтып берді. Балалар мұражайдың Атом энергиясына арналған залындағы реактордың элементтері мен схемалары, фотосуреттер мен құжаттары қойылған экспозицияларын қызығушылықпен қарады. Оқушыларға әсіресе Маңғыстау өлкесінің табиғи көрікті жерлері бейнеленген зал ерекше ұнады.

"QUATTY ARULAR" әйелдер клубы мектеп бітірушілерге болашақ мамандықты дұрыс таңдауға белсенді атсалысқан мамандарға алғыс білдірді.

## ВАЖНЫЙ ШАГ К ВЫБОРУ ПРОФЕССИИ

15 июня по инициативе Женского клуба «QUATTY ARULAR» была организована встреча с выпускниками 9-11 классов, детьми работников комбината.

На встрече присутствовал Муралев Евгений Дмитриевич – кандидат технических наук, Директор Института устойчивого развития аридных территорий и ассоциированный профессор кафедры Энергетики и транспорта Университета Ш. Есенова, проработавший на комбинате более 40 лет. Евгений Муралев рассказал молодому поколению о роли теплоэнергетики в нашей жизни, о важности и многогранности теплоэнергетических специальностей. Ребята также узнали об исследованиях Центра «зеленых» технологий, получили информацию о наборе студентов в Казахстанско-немецкий институт инжиниринга в Актау, где обучение будет вестись на трех языках с дальнейшим получением казахстанского и немецкого дипломов.

В музее энергопредприятия Константин Павлович Середнюк – ведущий инженер по радиационной и ядерной безопасности ДПБ, рассказал школьникам об истории создания первого

в мире реактора на быстрых нейтронах БН-350, о принципе его работы и выводе из эксплуатации. Ребята с интересом рассматривали экспозиции музейного зала атомной энергии: элементы и схемы реактора, фотографии и документы. В завершении школьники посетили зал природных достопримечательностей Мангистауского края.

Женский Клуб «QUATTY ARULAR» благодарит всех за активное участие в просвещении молодого поколения на пути выбора будущей профессии.



## МЕРЕКЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛДЫ



1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні «МАЭК» ЖШС басшылығы мен кәсіпорынның «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» жергілікті кәсіподағы» ҚБ кәсіподақ мүшелерінің балаларына арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды.

Бұл күні балалар қаланы екі қабатты туристік автобуспен аралады. Олар өздері тұратын әсем қаланың небір көрікті жерлерін ерекше көлікпен тамашалап, ұнаған жерлерді суретке, бейнетаспаға түсіріп, қуанышқа кенелді. Биік әрі ыңғайлы автобуспен көңілді саяхат жасаған балапандар кәсіпорын ұжымына рахмет айтып, ата-аналарымен бірге мереке қызығын одан әрі жалғауға аттанды.

Сондай-ақ, бұл күні кәсіпорынның «ҮНТҮМАҚ» бастауыш кәсіподақ ұйымы қаладағы балалардың ойын-сауық орталықтарында бүлдіршіндерге арналған мереке ұйымдастырды. Кішкентай қонақтар ойын алаңдарындағы түрлі лабиринттер, батуттар, сырғанақтарда көңілді уақыт өткізді, бір-бірімен танысып, соңында ойынды да достарын да қимай тарасты.

Кәсіпорынның кәсіподақтары ұйымдастырған мереке балаларға үлкен қуаныш сыйлады.

## ПРАЗДНИК ДЛЯ ДЕТЕЙ



1 июня в Международный день защиты детей руководство комбината совместно с ОО «Локальный профсоюз «МАЭК-Казатомпром» организовали праздничное мероприятие для ребят, чьи родители являются членами профсоюзной организации.

В этот день дети прокатились на двухэтажном туристическом автобусе по главным улицам областного центра. Это отличная возможность для ребятни увидеть сверху Актау, полюбоваться им и сделать красивые фото на память. Экскурсия на комфортабельном автобусе, организованная впервые, подарила детям много радости.

Также в этот день первичной профсоюзной организацией «ҮНТҮМАҚ» был устроен праздник малышам в некоторых детских развлекательных центрах города. Горки, лабиринты, батуты, игровые зоны для самых маленьких гостей. Такие развлечения доставили детям множество впечатлений.

В целом, праздник получился очень насыщенным. Все ребята получили большой заряд бодрости и веселое настроение.



## ӘРІПТЕСІМІЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



Маусым айының 2-12 аралығында Германияның Эссен қаласында шағын футболдан бхб форматында Soccer World Cup халықаралық турнирі болып өтті. Оған 32 команда қатысты.

Қазақстан финалдық матчта Украинаның құрама командасын 4:3 есебімен жеңіп, әлем чемпионы атанды.

Айта кету керек, бұл турнирде біздің еліміздің атынан мини-футболдан қазақстандық турнирдің жеңімпазы атанған бхб форматындағы Ақтау қаласының командасы қатысты. ҚР құрама командасының құрамында «МАЭК» ЖШС қызметкері Ерлан Қарақұлов та (Бақылау-өлшеу және автоматика

құралдарын жөндеу цехы) шебер ойын үлгісін көрсетті.

Чемпиондарды әуежайда қала тұрғындары мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы, өңірлік Лига президенті мен футбол жанкүйерлері қуанышпен қарсы алды.

Жеңіспен оралған Ерлан Қарақұловты «МАЭК» ЖШС бас директоры Жасұлан Сүйіншалиев Әлем біріншілігіндегі жеңісімен құттықтап, Алғыс хат табыстады, еңбекте, спорт әлемінде, биік белестерге жете беруіне тілектестік білдірді.

Жерлестерді лайқты жеңісімен құттықтаймыз!

## НАШ КОЛЛЕГА - ЧЕМПИОН МИРА

Со 2 по 12 июня в г. Эссен (Германия) проходил международный турнир по мини-футболу Soccer World Cup в формате бхб. В нем приняли участие 32 команды.

Казахстан в финальном матче обыграл сборную команду Украины по пенальти со счетом 4:3 и стал чемпионом мира.

Стоит отметить, что нашу страну представляла команда из г.Актау, которая стала победительницей казахстанского турнира по мини-футболу в формате бхб. В составе сборной команды РК играет также работник ТОО «МАЭК» Ерлан Каракулов (ЦР КИП и А).

15 июня сборная Казахстана прилетела в Актау после триумфа на мировом первенстве. Чемпионов достойно встретили болельщики, руководство областного управления физической культуры и спорта, Мангистауской областной федерации футбола.

Руководство ТОО «МАЭК» также поздравило своего работника Ерлана Каракулова с победой. Генеральный директор Жасулан Суюнчалиев вручил благодарственное письмо Ерлану и пожелал чемпиону крепкого здоровья и больших успехов в мире спорта.

Поздравляем наших земляков с заслуженной победой!



## СПАРТАКИАДА – 2023: ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

«МАЭК» ЖШС бөлімшелері арасында Спартакиаданың кезекті кезеңі аяқталды. Бұл жолы комбинат қызметкерлері үстел теннисі ойындарынан сайысқа түсті. Жарыс қаладағы «Сұңқар» теннис орталығында болып өтті.

Жарысқа барлығы 5 команда қатысты. Командалар ойын шарты бойынша 3 адамнан, яғни 2 ер адам және 1 әйел адамнан құралған. Теннис ойынның дөңгелек жүйесімен өткізілді.

«Сұңқар» спорт орталығының басшыларына кәсіби теннис үстелдерінде ойын өткізуге мүмкіндік бергені үшін үлкен алғыс айтқым келеді. Біз өткен жылы да осы залда жарыс өткізгенбіз. Арнайы жасақталған залда біздің жігіттер өздерін еркін сезініп, кәсіби теннисшілерше ойнауға мүмкіндік алды», - деп атап өтті жарыстың бас төрешісі, Қауіпсіздік қызметінің басшысы Қаныбек Шайдуллин.

Ойындар қызықты әрі тартысты өтті. Сонымен қатар команда жанкүйерлерінің қолдауы да ойыншыларды жеңіске жетеледі. Жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте Қауіпсіздік қызметінің командасы I орын, II орын – Желілер мен қосалқы

станциялар цехы, III орынды ЖЭС жеңіп алды.

Спартакиадалық сайыста шеберліктің жоғары деңгейін көрсеткен жарыс жүлдегерлерін жеңісімен құттықтаймыз!



## СПАРТАКИАДА – 2023: НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС

Завершился очередной этап Спартакиады среди подразделений ТОО «МАЭК». В этот раз работники комбината состязались в играх по настольному теннису. Соревнования прошли в теннисном центре «Сұңқар».

Каждая команда состояла из 3 человек (2 мужчины и 1 женщина). Всего в соревнованиях приняли участие 5 команд. Игры проходили по круговой системе.

«Хочу поблагодарить теннисный центр за предоставленную возможность провести игры за профессиональными столами. Они уже второй раз принимают нас. В ходе соревнований наши ребята показали свое мастерство и профессионализм», -

подчеркнул главный судья соревнований, начальник службы безопасности Каныбек Шайдуллин.

Игры были упорными и интересными, также как и поддержка болельщиков команд. По итогам игры в общекомандном зачете победу одержала команда Службы безопасности заняв I место, II место у Цеха сетей и подстанций, тройку лидеров замкнули работники ТЭС.

Поздравляем призёров соревнований, показавших высокий уровень мастерства, и благодарим всех участников!

